

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жүрсинова Бибінұр Нұрлыбай қызы,

*Ажинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты
бастауыш тәлім факультетінің 3-курс студенті*

E-mail: [bibinzursinova@gmail.com](mailto:bibirzursinova@gmail.com)

Аннотация: «Қоғамның баға жетпес қазынасы болған, біз үнемі мақтан ететін көп ұлтты халқымыздың татулығы мен бірлігін көз қарашығындай сақтау және де нығайту Өзбекстанды өз Отаны деп білетін әрбір адамның басты борышы», - дейді Елбасшымыз Ш.М. Мирзиёев. Иә, ұлтаралық татулық - басты құндылығымыз. Әртүрлі ұлт өкілдерінің арасындағы достық пен бірлікке назар аударсақ, оның тартар тамыры өте тереңде, тарихы әріде жатқандығын анық танимыз. Үнемі араласа жүріп, талай тар жол, тайғақ кешулер мен ауыр кезеңдерді біргелікте бастан өткізгеніміз мәлім. Біздің тілек-арманымыз, мақсат мұратымыз бір, үнемі үдделес, тағдырлас. Әлеуметтік өмірде, күнделік тұрмыста бірге жасап, біте қайнасуы, әдеби мәдени байланыстың мықтылығын бізге жетіп келген ұлылардың ұлағатты сөздерінен, достық қарым-қатынастарынан өте жақсы аңғарамыз.

Тірек сөздер: Елбасшымыз, ұлтаралық татулық, құндылық, достық, халық, ақындар өлеңдері т.б

Бүгінгі күнде мемлекетімізде 130 дан астам өзбек, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен, орыс, татар, корейс сияқты бірқанша ұлт өкілдері татулықта өмір сүріп келеді. Мемлекетімізде жасаушы барлық адамдардың қай ұлт өкілдері екеніне қарамастан көптеген ортақ белгілері бар. Міне сол ортақ белгілер баршамызды құрыштай берік біртұтас етіп біріктіріп отыр. Бұл тарихи тағдырлардың ортақтығы, арман, мақсаттардың ортақтығы, ұлттық мәдениет пен әдет-ғұрыптардың, әдебиеттің ортақтығы.

Өмір айнасы, тарих көзі болған әдебиетіміздің ұлы тұлғаларының асыл мұраларында да көтерілетін басты мәселелердің бірі-достық. Міне осы салынған достық көпірімен адымдай, жаңа үн, жаңа бағытпен қадам басып келеміз.

Өзбек халқы: «Досы жоқ басым-тұзы жоқ асым», - дейді. Шынында да, дүниеде достықтан қымбат, онан бағалы ештеңе жоқ. Әдетте достық жеке адамдар арасында басталып, ол күллі бір елді, халықты жақындастырады. Әрбір халықтың ақын жазушылары бір-бірінің туындыларынан нәр алып, пікірлер білдіріп отырған. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың Әлішер Науай мен Бабырдың шығармаларына ерекше мән беріп, оларды жете меңгергені баршаға аян.

Физули, Шамси, Сайхали,
Науай, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз - бұ һәммәси
Медет бер я шағири фәрият,-деп жырлағанының өзі ғылым жолында әрбір
мемлекеттің ұлылары бір-біріне арқау, үлгі болатынын аңғартса,

Сыр бойының ақыны Майлықожа өзінің «Толғау» атты термесінде;
Өзбектен өткен Науай
Тілдің гауһар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фердауси,
Заманының дүрі еді,-деп шығыс ақындарының творчествосын қанық біліп,
олардың қаншалық қадір-құрмет тұтқандығын көрсетеді.

Өзбек ақыны Айбек Қазақстанға барған сапарында «Достығымыз мәңгілік»
атты ұзақ өлеңін жазады.

Күн қонақтап тауларыңа, айды құшқан көлдерің,
Қымыз иісті қырларыңның самалына шөлдедім.
Қыран қабақ, ер тұлғалы егізім ең сен менің,
«Қазақ» деген егізімнің лебізіне шөлдедім.

Өте тамаша айтылған шын жүректің шын сөзі!

Бұл жолдарда қазақ халқына болған сүйіспеншілік пен құштарлық, асқан
құрмет лебі айқын еседі.

Өзбекстан қаһарманы, Өзбекстан және Қарақалпақстан халық ақыны
Ибрайым Юсупов өзінің «Мен Абайды ядқа билген халықпан» атты өлеңінде:

Мен Абайды ядқа билген халықпан
Әмиу бойы тууып өскен топырағым,
Сизиң менен бир пұтақлас жапырағым
-Кеулим ашық, ақшамы жоқ жарық таң-

Мен Абайды ядқа билген халықпан ,-деп жырласа,

Қазақ поэзиясының ұлы ақыны, қарақалпақ елінің тумасы Төлеген
Айбергенов өзінің «Қарақалпақ қызына» атты өлеңінде;

Бүгінғой жаңбырлатын жақын келдім.

Ұзасам таңдайыма татыр демің.

Қағілез қара бала болғаныммен

Жүрегім кәдімгідей ақын менің,-деп жырлауы қазақ пен қарақалпақ
арасындағы етене достық байланысының айқын көрінісіне мысал бола алады.

Иә, ұлтаралық татулық – ақындар сезіміне ерекше әсер еткен, көкірегіне нұр
болып ұялаған, шығармаларына арнаулы арқау, нәрлі тыныс бола білген сүбелі
тақырыптардың бірі.

Бұл қатынас, бұл байланыс орыс, татар, қарғыз, корейс, түрікмен сияқты
көптеген ұлттардың әдебиетінде де қанат жайып дамыған тақырыптардан.

Әрине айта берсек, сөз біте қоймас сірә, әдебиеттегі бұл байланыс Өзбекстан жалауының астына қол ұстаса біріккен ұлттардың бірлігінің берік болуында басты негіз және ұстаным. Ұлыларымыздың бір-бірімен осылай біте қайнасып, бірге сыр шертісуі, бір-бірінің таңдаулы туындыларын, майталман шеберлерін өз оқырмандарына уағыздауы қазірге шекем туысқандық, татулыққа өз септігін тигізіп келеді. Әрине бұл дәстүр өз жалғасын тауып, байланысы тереңдей түсіп, марқая бермек.

Достық, бауырластық, теңдікке құрылған жаңа қоғамда халықтардың бір-біріне болған ілтифаты мен мейірімі, байланысы күн өткен сайын кемелденіп, еңбек, мәдениет сияқты көптеген тарауларда жаңа арнамен ілгері дамып, өзгеше мазмұнда гүлденіп келеді. Үнемі көршілес, араласа отырған ұлттар арасындығы мызғымас достық біздің нәрлі бұлағымыз, біздің жан тынысымыз демек.

«Бауырмалдық және адамгершілік мәдениетінің дамуы, ұлттараралық және пұқаралардың бірлігін, татулығын берік ету, жас ұрпақты осы негізде, Отанға махаббат рухында тәрбиелеу мемлекетіміз саясатының ең жоғарғы бағдарларының біріне айналған»

Ш.М. Мирзиёев

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Shavkat Mirziyoyev «Yangi O'zbekiston taraqqiyot strategiyasi» O'zbekiston nashriyoti. Toshkent 2022 y, 46 bet
2. И.Юсупов «Таңдамалы шығармалары» Үш томдық, II том. Нөкіс «Билим» баспасы (2018жыл). 352 бет
3. Қалдыбек Сейданов «Достық әуендері» «Жазушы» баспасы Алматы (1978 жыл)
4. Төлеген Айбергенов «Мен саған ғажық едім» «Жазушы» баспасы Алматы (1970 жыл)